

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 1342 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 сәуірдегі N 485 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан метрология институты Республикалық мемлекеттік кәсіпорынды (ҚазМетрИн)" құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 1342 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "мемлекеттік кәсіпорынға қатысты субъектінің функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік меншік құқығын" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталық болып анықталсын." ;

2 - т а р м а қ т а :

үшінші абзацтағы ", сату және уақытша пайдалануға беру" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

төртінші абзацтағы "метрология бойынша оларды тіркеу" деген сөздер "өлшем бірлігін қамтамасыз ету мен сертификаттау саласында аккредиттеу" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"метрология саласында қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау; шамалар бірліктерінің мөлшерлерін мемлекеттік эталондардан кәсіпорын э т а л о н д а р ы н а б е р у ;

өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғаларды ақпараттық қамтамасыз ету;

уақыт пен жиіліктің, заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерінің, заттар мен материалдардың физикалық константалары және қасиеттері туралы стандартты анықтамалық деректердің мемлекеттік қызметтерінің іс-әрекетіне байланысты жұмыстарды жүргізу."

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК